ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 5 қыркүйек №1513-24-00-2/1713 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Ж.Биманованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.С.Әбдуәлиева отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Universal 3Q» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
Бутинчинов Алмас Абайұлы
Ақтөбе облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (әрі қарай – Департамент)

СОҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Е.С.Смагулов
жауапкердің өкілі Б.Аминов
Ушінші тұлғаның өкілі Қ. Утеуова
СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 21 ақпанында «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) тарапынан «Автомобиль жолдарын күтіп ұстау бойынша жұмыстар, №8 учаске» жалпы соммасы 71 428 571,43 теңгеге ашық конкурс жарияланған (әрі қарай-конкурс).

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 10.09.2024

Конкурсқа «Universal 3Q»ЖШС әлеуетті өнім беруші ретінде ұсыным берген.

2024 жылғы 17 сәуірдегі қорытындыға сәйкес конкурстың жеңімпазы болып «Universal 3Q»ЖШС танылған.

Конкурсқа қатыскан басқа әулетті өнім берушілер тарапынан қорытынды хаттамасын шағымдану негізінде Ақтөбе облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен камералдық бақылау жүргізіліп, тапсырыс берушіге 2024 жылғы 15 мамырдағы қамералдық нәтижелері бойынша анықталған бұзышылықтарды жою туралы хабарлама жіберілді.

Қамералдық бақылау кезінде «Universal 3Q»ЖШС-нің өтінімде ұсынылған техника маркасы SHACMAN SX3256DT384 г/н 081BST04, SHACMAN SX3256DR384 г/н 261EBZT04, SHACMAN SX3256DR384 г/н 251EBZT04, SHACMAN SX3256DR384 г/н 851AAS04 2023 жылғы 27 маусымдағы азамат А.А.Бутинчиновтың атынан тіркеуден шығарылған.

2024 жылғы 11 маусымда тапсырыс беруші «Universal 3Q»ЖШС-сі әлеуетті өнім беруші ретінде біліктілік талаптары бойынша аңық емес ақпарат бегеніне байланысты, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, түсіндірмесінде әлеуетті өнім берушімен материалдық еңбек ресурстары бөлігінде тіркеуден шығарылған жабдықты есепке алмаған жағдайда, онымен ұсынылған қалған жабдықтың саны конкурсқа қатысу үшін жеткіліксіз, конкурстың біліктілік талабына сәйкес самосвал (15 тн. аз болмау керек) 8 дана болу тиіс. Демек, анық емес ақпарат конкурстың баға ұсыныстарына әсер ететінін айтты.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап қоюды мойындамайтынын айтып, оны қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады. Жабдық бойынша анық емес ақпарат конкурстың баға ұсыныстарына әсер етпейтіні, себебі, көрсетілген жабдықтың тек 4 қана данасы басқа иелікке ауысқанын, яғни қалғаны міндеттемелерді орындауға дайын екенін, бұл жабдықтардың тіркеуден шаққаны туралы жауапкер хабардар болмағанын айтты.

Сот отырысында үшінші тұлға Департамент талап қоюды қуаттап, қанағаттандыруды сұрады. Конкурсқа қатысар алдында жаупкер тек қана анық ақпарат көрсету қажет екені туралы ескертіліп, қол қояды. Қазір айтып жатқан шарт орындау кезінде басқа жабдықтармен қамтамасыз ете алатыны туралы уәждері болжам ғана болып табылады.

Үшінші тұлға А.Бутинчинов жазбаша пікірінде дауланып тұрған жабдықтар бойынша жалға беру шарт жасалғаны, бірақ өндірістік қажеттілікке қарай ол жабдықтар басқа тұлғаларға рәсімделгенін, ол туралы «Universal 3Q»ЖШС» ЖШС хабардар етпеген. Сұраныс жасаған кезде 10 жабдықпен қамтамасыз ете алатынындығын көрсетті. «Universal 3Q» ЖШС-не қатысты талап қоюды қанағаттындырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Еманова Ж. Ж., 10.09.2024

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 8-бабының талаптарына сай, азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер - бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс.

Бұл міндетті шарт арқылы алып тастауға немесе шектеуге болмайды. Азаматтық құқық қатынастарына қатысушылардың адал, парасатты және әділ әрекет жасауы көзделеді.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 9-бабының 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы тиіс.

Заңның 11 бабына сәйкес біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Сотта анықталғандай, жауапкер конкурсқа әлеуетті өнім беруші ретінде қатыса отырып, біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат берген, көлік құралдарын алдын-ала жалдауға шарты жасалғандығы туралы жалған ақпарат көрсеткен. Бұл жағдай ҚР Ішкі істер министірлігі Ақтөбе облысының полиция департаменті ММ-нің жауабымен, үшінші тұлға А.А.Бутинчиновтың хатымен расталады.

Жауапкердің талап қоюда көрсетілген негіздер конкурстың нәтижесіне немесе баға ұсынысына әсер етпейтіндігі және жауапкер тарапынан конкурс бойынша ұқсас және орнын толтыратын жабдықтар қосымша ұсынылғандығы туралы уәждерін сот негізсіз деп таниды, себебі әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушыға және конкурстық комиссияға өзінің құқығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы анық мәліметтер беру тиіс.

Жауапкермен ұсынылған конкурстық өтінімінде көрсетілген самосвалдың (15 тн. аз болмау керек) 4 данасы бойынша жалған ақпарат берілген.

Бұл ақпарат жауапкердің біліктілігінің сәйкестігін анықтау үшін маңызды болып келеді, сол себепті конкурстың нәтижесіне тікелей әсер етеді. Жауапкердің конкурс бойынша жеткілікті жабдықты артынан да қамтамасыз ете алатыны туралы уәждері болжамды болып келеді, және жауапкершіліктен оны босатпайды.

Бұл тұрғыда, сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, талап қоюшыдан жергілікті бюджетке 1725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріліуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 10.09.2024

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Universal 3Q» жауапкершілігі шекетеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Universal 3Q» жауапкершілігі шекетеулі серіктестігінен жергілікті бюджетке 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Ж.Ж.Биманова

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 10.09.2024

1513-24-3-1/1897